

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық бұзушылық профилактикасы және Қазақстан Республикасы заңнамасының жекелеген салаларын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2025 жылғы 30 желтоқсандағы № 246-VIII ҚРЗ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының азаматтық кодексіне (ерекше бөлім):

913 және 914-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"913-бап. Лотереяларды, құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді өткізу ерекшеліктері

1. Уәкілетті мемлекеттік органнан Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензия алған адам мен құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысушы, ал лотереялар үшін лотерея операторы мен лотереяға қатысушы арасындағы қатынастар шартқа негізделген.

Лотерея операторы мен лотереяға қатысушы арасындағы шарт лотереяға қатысушы лотерея билетінің, электрондық лотерея билетінің құнын төлеген және лотерея билеті, электрондық лотерея билеті берілген кезден бастап жасалған деп танылады.

2. Лотереяларды, құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді өткізу шарттарына сәйкес ұтты деп танылатын адамдарға құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастырушы, ал лотереялар үшін лотерея операторы ұтыс төлеуге тиіс.

Құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастырушының ұтысты мерзімінде, мөлшерде, нысанда (ақшалай немесе заттай) төлеуі құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді өткізу шарттарына сәйкес, бірақ құмар ойындардың және (немесе) бәс тігудің нәтижелері шығарылған кезден бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Лотерея операторының ұтысты төлеуі заңда белгіленген мерзімдерде, лотерея өткізу шарттарында айқындалатын мөлшерде, нысанда (ақшалай немесе заттай) жүзеге асырылады.

3. Құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастырушы, лотерея операторы осы баптың 2-тармағында көрсетілген міндеттерді орындамаған жағдайда, лотереяда, құмар ойында және (немесе) бәс тігуде ұтыс шыққан қатысушы өзіне ұтыстың төленуін, сондай-ақ келтірілген залалдардың өтелуін талап етуге құқылы.

914-бап. Құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді өткізуге және оларға қатысуға байланысты талаптар

Азаматтар мен заңды тұлғалардың тәуекелге (құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге) негізделген құмар ойындарды және (немесе) бәс тігуді ұйымдастыруға, өткізуге немесе оларға қатысуға байланысты талаптары осы Кодекстің 913-бабында көрсетілген қатынастардан туындайтын талаптарды қоспағанда, сот қорғауына жатпайды."

2. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне:

171-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"171-бап. Әкімшілік қадағалау

Әкімшілік қадағалау бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты:

1) онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстары үшін – жазасын өтегеннен кейін үш жылға;

2) ауыр қылмыстары үшін – жазасын өтегеннен кейін алты жылға;

3) аса ауыр қылмыстары үшін жазасын өтегеннен кейін сегіз жылға белгіленеді."

3. 2020 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне:

1) 90-1-баптың бірінші бөлігіндегі "Мемлекеттік" деген сөз "Орталық мемлекеттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 90-2-бапта:

екінші бөлікте:

2) тармақша "берілетін" деген сөзден кейін "орталық" деген сөзбен толықтырылсын ;

4) тармақша "мазмұны" деген сөзден кейін "мен нысанасы" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мыналар:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзуға алып келуі мүмкін;

2) конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпке, денсаулыққа және қоғамдық имандылыққа қол сұғатын, жеке және заңды тұлғалардың абыройы мен қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді бұзатын мәселелер, сондай-ақ адамдарға рақымшылық және кешірім жасау;

3) Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретіндегі мәртебесін, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығын, оны басқару нысанын, Республика қызметінің түбегейлі қағидаттарын, Республика Президенті жеті жыл мерзімге сайланады және бір адам бір реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды деген ережелерді, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген нормаларды өзгерту және оны өзгерту мәселелері;

4) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы мен Мемлекеттік шекарасы нормаларымен регламенттелген;

5) жедел-іздігіру және құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын анықтау және тергеу органдарының, соттардың өкілеттіктеріне кіретін мәселелер;

6) прокуратура органдары жүзеге асыратын заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалау;

7) сыртқы барлау, қарсы барлау қызметі, сондай-ақ күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күзету іс-шараларын жүргізу мәселелері;

8) Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару, қылмыстық-процестік, азаматтық процестік, әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасын және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасын, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын іске асыруға қатысты мәселелер;

9) соғысты, зорлық-зомбылықты, қатыгездікті, нәсілдік, діни араздықты қоздыруды, экстремизмді, сепаратизмді және басқа да дұшпандық әрекеттерді насихаттауды, есірткі, психотроптық заттар мен сол тектестерді, сондай-ақ прекурсорларды таратудың және танымал етудің кез келген нысандарын қоса алғанда, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпті сақтау;

10) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарынан туындайтын міндеттемелерді орындау;

11) Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына жататын адамдарды лауазымға тағайындау және сайлау, лауазымынан босату мәселелері;

12) Қазақстан Республикасының сайлау, республикалық референдум және саяси партиялар туралы, Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы заңнамасымен реттелетін мәселелер;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері;

14) мемлекеттік тілдің мәртебесі;

15) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құзыретін, өкілеттіктерін, функциялары мен міндеттерін өзгерту, сондай-ақ оларды құру, тарату және қайта ұйымдастыру мәселелері;

16) төтенше жағдай және (немесе) төтенше ахуал режимдерінің қолданылуы шеңберінде қабылданған шешімдердің күшін жою және оларды өзгерту туралы мәселелер петицияның нысанасы бола алмайды.";

төртінші бөліктің 1) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша және тәртіппен электрондық нысанда және (немесе) жазбаша түрде жиырма жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының кемінде елу азаматының петицияға қосылуы;"

"3) петицияны берген кезде интернет-ресурста жария қолжетімділікте дәл сондай нысанадағы және ол бойынша құзыретті мемлекеттік органның шешімі қабылданып, қабылданған кезінен бастап бір жылдық кезең өтпеген петицияның болмауы.";

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының кемінде елу азаматы петицияға қосылған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде немесе петиция жобасы жасалған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде оның осы баптың төртінші бөлігінде көрсетілген шарттарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Петицияның осы тарауда көрсетілген шарттарға сәйкестігін анықтау қажет болған кезде мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы уәкілетті орган уәкілетті мемлекеттік органдарға сұрау салу жіберуге құқылы."

4. 2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне:

18-баптың 34-2) тармақшасы алып тасталсын.

5. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына :

92-7-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Атқарушылық жазбаның көшірмесін борышкерге табыс ету туралы хабарлама келіп түскен кезде және егер белгіленген мерзімде борышкерден нотариусқа қарсылық түспесе, нотариус өндіріп алушыға атқарушылық жазбаны береді не оның өтініші бойынша оны атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесіне орындау үшін жібереді."

6. "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

46-4-баптың 2-тармағының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер ұсталған адаммен бірге балалары болса, олар сот шешімімен бөлек камераға бірге орналастырылып, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген тәртіппен айқындалатын тамақтану нормалары бойынша тамақпен қамтамасыз етілуі мүмкін."

7. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 27-баптың 1-тармағының 29) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"29) "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көмек көрсету жөніндегі ұйымдарды құрады және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;"

2) 29-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-3) тармақшамен толықтырылсын:

"4-3) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жергілікті

мемлекеттік басқару құрылымында оған есеп беретін және оның бақылауында болатын, аудандарда, облыстық маңызы бар қалаларда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада орналасатын балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі бөлімдерді құрады және олардың қызметін ұйымдастырады;"

3) 31-баптың 1-тармағының 26) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"26) "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көмек көрсету жөніндегі ұйымдарды құрады және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;"

8. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

5-2-баптың 1-тармағы 1) тармақшасының оныншы абзацындағы "органның арнаулы автокөлік құралдары;" деген сөздер "органның;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:

"балық шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның арнаулы автокөлік құралдары;"

9. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-бапта:

8-4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8-4) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органы – балалардың негізгі құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, олардың құқықтарын бұзушылық профилактикасы және оны ерте анықтау, оларды қалпына келтіру және қорғау жөніндегі шараларды қабылдау қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын, сондай-ақ мемлекеттің кәмелетке толмағандарға қатысты қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларын орындайтын жергілікті атқарушы орган;"

мынадай мазмұндағы 8-5) және 8-6) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-5) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органының қызметкері – кәсіптік білімі бар және балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын адам;

8-6) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, балалардың құқықтарын қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;"

2) 3-1-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) балаға қатысты кез келген әрекеттерді жасау кезінде баланың ең жақсы мүдделерінің басымдығы;

5) кемсітпеушілік;"

3) 2-тарау мынадай мазмұндағы 7-13, 7-14, 7-15, 7-16, 7-17, 7-18, 7-19 және 7-20-баптармен толықтырылсын:

"7-13-бап. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органының өкілеттіктері

1. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органының өкілеттіктеріне мыналар жатады:

1) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) балалардың құқықтарын қамтамасыз етуді, олардың құқықтарын бұзушылық профилактикасын және оны ерте анықтауды үйлестіру, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды қабылдау;

3) тәрбие, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, дене шынықтыру және спорт, әлеуметтік қызмет көрсету және отбасын әлеуметтік қорғау саласында балалар мүдделеріне орай Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындаған мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

4) балалардың құқықтарын қамтамасыз етуге, олардың құқықтарын бұзушылық профилактикасына және оны ерте анықтауға, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға бағытталған шаралардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру;

5) мемлекеттің кәмелетке толмағандарға қатысты қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларын жүзеге асыру;

6) уәкілетті органдар мен ұйымдарды, оның ішінде отбасын қолдау орталықтары мен психологиялық қолдау орталықтарын тарта отырып, өз құзыреті шегінде отбасыларға және мынадай:

орта білім беру ұйымдары мен техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагог-психологтарында және әлеуметтік педагогтерінде тәуекел тобында тұрған балаларға, оның ішінде зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау туралы хабарлаған, суицидтік ниеті, суицид жасауға әрекет ету фактілері бар кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ педагогикалық қолдап отыру шеңберінде баса назар аударуды талап ететін балаларға;

отбасын қолдау орталықтары мен психологиялық қолдау орталықтары қолдап отырған;

кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның отырыстарында қаралған;

баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарда құқықтарының бұзылуына байланысты (оның ішінде зорлық-зомбылық және қатыгездікпен қарау салдарынан) бұрын болған;

тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері анықталған, өмірде қиын жағдайға ұшыраған адамдарды (отбасыларды) ерте анықтау және оларға қолдау көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі мобильдік топтар анықтаған;

кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) күтіп-бағу бойынша өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналары, заңды өкілдері бар балаларға көмек ұйымдастыру және жеке профилактика шараларын қолдану;

7) осы тармақтың 6) тармақшасында аталған балаларға алты айда кемінде бір рет ұдайы бару және олардың жағдайын бағалау;

8) қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы), патронаттағы, баланы қабылдайтын отбасылардағы, баланы қабылдайтын кәсіби отбасылардағы балалардың жай-күйін бағалау және оларға қажетті көмек көрсету мақсатында ұдайы бару арқылы алты айда кемінде бір рет балалардың жағдайын мониторингтеу және бағалау;

9) кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық процесс шеңберінде балаға көмек көрсетуді және оны қолдап отыруды ұйымдастырудың жеке жоспарын құру;

10) кәмелетке толмағандар болатын білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау, мәдениет және спорт жүйелерінің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына кедергісіз бару;

11) мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардан балалардың құқықтарын қамтамасыз ету, олардың құқықтарын бұзушылық профилактикасы және оны ерте анықтау мәселелері бойынша, сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі қабылданған шаралар туралы ақпарат сұрату;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

7-14-бап. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органы қызметкерінің мәртебесі

1. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органы қызметкерінің балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын адам ретінде ерекше мәртебесі болады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен балалардың құқықтарын қорғау саласында кәсіптік қызметті жүзеге асыру және тиісті мекемемен еңбек қатынастарында болу кезеңінде адам Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органының қызметкері мәртебесіне ие болады.

2. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органының қызметкерлері әрбір екі жыл сайын біліктілігін арттырудан өтуге міндетті.

Біліктілікті арттырудан өту тәртібін, мерзімдерін Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды.

7-15-бап. Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органы қызметкерінің киімі

Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органының қызметкері белгіленген үлгідегі киіммен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тегін қамтамасыз етіледі.

Белгіленген үлгідегі киіммен қамтамасыз ету тәртібін және оны киіп жүру қағидаларын Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы айқындайды.

7-16-бап. Ішкі істер органдарының балалардың құқықтарын бұзушылық профилактикасы, оны ерте анықтау, сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды қабылдау шеңберіндегі өкілеттіктері

Ішкі істер органдары балалардың құқықтарын қорғау бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өкілеттіктерді өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

7-17-бап. Білім беру органдарының балалардың құқықтарын бұзушылық профилактикасы, оны ерте анықтау, сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды қабылдау шеңберіндегі өкілеттіктері

Білім беру органдарының өкілеттіктеріне мыналар жатады:

1) орта білім беру ұйымдары мен техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға бармайтын, сондай-ақ осындай ұйымдардың педагог-психологтары мен әлеуметтік педагогтерінде тәуекел тобында тұрған кәмелетке толмағандарға, суицидтік ниеті, суицид жасауға әрекет ету фактілері бар кәмелетке толмағандарға, педагогикалық қолдап отыру шеңберінде баса назар аударуды талап ететін балаларға қатысты өз құзыреті шегінде оларды анықтауға қатысу, есепке алуды жүргізу және жеке профилактика шараларын жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органын осы баптың 1) тармақшасында көрсетілген фактілер туралы дереу хабардар ету;

3) балалардың құқықтарын қорғау бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

7-18-бап. Денсаулық сақтау органдарының балалардың құқықтарын бұзушылық профилактикасы, оны ерте анықтау, сондай-ақ балаларды қорғау жөніндегі шараларды қабылдау шеңберіндегі өкілеттіктері

Денсаулық сақтау органдары өз құзыреті шегінде жүкті әйелдерге, жаңа туған нәрестелерге және бес жасқа дейінгі балаларға патронаждық барудың әмбебап прогрессивті моделін жүргізу шеңберінде Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органына отбасы мен балаға көмек

көрсетуді ұйымдастыру, жеке профилактика шараларын жүргізу үшін әлеуметтік қауіп-қатердің анықталған жағдайлары туралы ақпарат береді.

7-19-бап. Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының балалардың құқықтарын бұзушылық профилактикасы, оны ерте анықтау, сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды қабылдау шеңберіндегі өкілеттіктері

Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту ұйымдарының өкілеттіктеріне мыналар жатады:

1) өмірде қиын жағдайға ұшыраған адамдарға (отбасыларға) қатысты, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау фактілері туралы ақпарат болған жағдайларда, оларды анықтау, есепке алуды жүргізу және жеке профилактика шараларын жүргізу;

2) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органын осы баптың 1) тармақшасында көрсетілген фактілер туралы дереу хабардар ету;

3) балалардың құқықтарын қорғау бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

7-20-бап. Балалардың құқықтарын қорғауға қатысатын өзге де мемлекеттік органдардың балалардың құқықтарын бұзушылық профилактикасы, оны ерте анықтау, сондай-ақ балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды қабылдау шеңберіндегі өкілеттіктері

Өзге де мемлекеттік органдардың өкілеттіктеріне мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі өңірлік уәкілетті органын балалардың құқықтарын бұзушылық, балаларға қатысты әкімшілік және (немесе) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасау фактілері мен қауіп-қатері туралы дереу хабардар ету;

2) балалардың құқықтарын қорғау бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.";

4) 30-баптың 1-тармағының он үшінші бөлігіндегі "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" деген сөздер "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

5-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "сондай-ақ трамвайлар мен троллейбустар" деген сөздер "трамвайлар, троллейбустар және заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер жалға беретін электр самокаттар" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. "Ойын бизнесі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 1-баптың 3-1) және 19-1) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1) бірыңғай есепке алу жүйесі – телекоммуникация желілері арқылы букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың аппараттық-бағдарламалық кешеніне қосылған, жеке тұлғаның нұсқауы бойынша тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің электрондық кассаларындағы электрондық ақшаны пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауды (жүзеге асыруды), оларды есепке алуды және букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушыға аударуды, жеке тұлғаларға электрондық ақшаны пайдалана отырып ұтыстарды төлеуді, жеке тұлғадан тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің кассаларында қабылданған (жүзеге асырылған) қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз төлемдерді және тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің кассаларында төленген ұтыстарды есепке алуды, бәс тігуге әрбір қатысушы, бәс тігуге әрбір қатысушы бойынша бәс тігуге қабылданған мөлшерлемелер, бәс тігу нәтижесінің нұсқаларына коэффициенттер, олар бойынша ұтыстар мен төлемдер туралы ақпаратты дербестендірілген жинауды, өңдеу мен сақтауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялары жоқ интернет-казино, букмекерлік кеңселер және (немесе) тотализаторлар белгілерін қамтитын интернет-ресурстарды Қазақстан Республикасының аумағында анықтау бойынша мониторингтеуді және олар бойынша мәліметтерді масс-медиа саласындағы уәкілетті органға беруді қамтамасыз ететін бағдарламалық қамтылым мен техникалық құралдардың жиынтығы";

"19-1) тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің электрондық кассасы – мөлшерлемелер мен ұтыстар бойынша есеп айырысулардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін бірыңғай есепке алу жүйесі арқылы ақпараттық-коммуникациялық желілерде мөлшерлемелерді қабылдау (есепке алу) жүзеге асырылатын және ұтыстарды төлеу жүргізілетін цифрлық жүйе";

2) 6-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 5-1) және 5-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"5-1) бірыңғай есепке алу жүйесінде есепке алмай, букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің кассасында мөлшерлемелерді қабылдауына және ұтыстарды төлеуіне";

5-2) мөлшерлемелер мен ұтыстар бойынша есеп айырысулардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін бірыңғай есепке алу жүйесінен тыс жерде тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің электрондық кассасында мөлшерлемелерді қабылдауға және ұтыстарды төлеуге";

3) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) ойын бизнесі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) букмекерлік кеңсе немесе тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы жүзеге асыратын, дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бірыңғай операторға, Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиада комитетінің қорына олимпиадалық спорт түрлерін дамытуға және "Қазақстан халқына" қоғамдық қорына, сондай-ақ бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуіне және бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғаның қызметін қамтамасыз етуге жіберілетін мөлшерлемелерден аударымдардың мөлшерін белгілейді;

3) бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлға ұстап қалатын аударымдарды дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бірыңғай операторға, Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиада комитетінің қорына олимпиадалық спорт түрлерін дамытуға және "Қазақстан халқына" қоғамдық қорына, сондай-ақ бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуіне және бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғаның қызметін қамтамасыз етуге жіберу пропорциясын айқындайды.";

4) 8-баптың 1-тармағының 4-3) тармақшасы алып тасталсын;

5) 12-бапта:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ойын бизнесін ұйымдастырушы құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысушыларға ұтыстарды төлеуді жеке басты куәландыратын құжатты көрсету негізінде немесе құмар ойынға және (немесе) бәс тігуге қатысушыны сәйкестендірудің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілін қолдана отырып, өткізілетін құмар ойындар және (немесе) бәс тігу қағидаларында көзделген мөлшерде және мерзімдерде, бірақ осы құмар ойынның және (немесе) бәс тігудің нәтижелері шығарылған кезден бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірмей жүргізеді.

Бәс тігуге қатысушыға букмекерлік кеңсенің және (немесе) тотализатордың кассасында қабылданған мөлшерлемелер бойынша ұтыстарды төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген тәсілмен жүзеге асырылады. Ұтыстарды төлеуді есепке алу бірыңғай есепке алу жүйесінде көрсетіледі.

Бәс тігуге қатысушыларға букмекерлік кеңсенің немесе тотализатордың электрондық кассасында қабылданған мөлшерлемелер бойынша ұтыстарды төлеуді букмекерлік кеңсе немесе тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы ұтқан мөлшерлеме жасалған бірыңғай есепке алу жүйесінде бәс тігуге қатысушының электрондық ақшасының электрондық әмиянына ақша қаражатын есепке жатқызу арқылы ойын бизнесін ұйымдастырушының бірыңғай есепке алу жүйесіндегі электрондық ақшасының электрондық әмиянынан жүргізеді.";

12-тармақта:

екінші сөйлемдегі "есепке алынбаған ақша есебінен мөлшерлемелер" деген сөздер "мөлшерлемелерді есепке алмай, оларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Букмекерлік кеңсе және тотализатор мөлшерлемелер бойынша есеп айырысулардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін бірыңғай есепке алу жүйесі арқылы ғана тотализатордың немесе букмекерлік кеңсенің тиісті электрондық кассасы арқылы мөлшерлемелерді қабылдауға міндетті. Бірыңғай есепке алу жүйесі арқылы мөлшерлемелер мен ұтыстар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін букмекерлік кеңсе және тотализатор уәкілетті орган тарапынан бірыңғай есепке алу жүйесімен интеграциялау туралы хабарлама алғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғамен және төлем ұйымының қызметтерін көрсету үшін тартылған заңды тұлғамен есеп айырысуларды жүзеге асыру туралы шарт жасасуға міндетті.";

6) 12-1-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы уәкілетті орган тарапынан бірыңғай есепке алу жүйесімен интеграциялау туралы хабарлама алғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей интеграциялау туралы шарт жасасуға және уәкілетті орган бекітетін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуі және бірыңғай есепке алу жүйесінде қамтылған ақпаратты өзге де тұлғаларға беру қағидаларында көрсетілген талаптарды сақтай отырып, аппараттық-бағдарламалық кешендерді бірыңғай есепке алу жүйесімен интеграциялауды он бес жұмыс күнінен кешіктірмей қамтамасыз етуге міндетті. Бірыңғай есепке алу жүйесімен интеграцияланбай, аппараттық-бағдарламалық кешендердің жұмыс істеуіне, букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушының мөлшерлемелерді қабылдауына және ұтыстарды төлеуіне жол берілмейді.

Букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың мәліметтерді бірыңғай есепке алу жүйесіне беру тәртібі, тізбесі және мерзімдері уәкілетті орган бекітетін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуі және бірыңғай есепке алу жүйесінде қамтылған ақпаратты өзге де тұлғаларға беру қағидаларында белгіленеді .";

7) 12-2-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлға төлем ұйымының қызметтерін көрсету үшін заңды тұлғаны тартуға құқылы. Бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтары мен міндеттері төлем

ұйымының қызметтерін көрсету үшін өзі тартатын заңды тұлғаға берілген өкілеттіктер бөлігінде осындай заңды тұлғаға қолданылады.";

2-тармақтың 2) тармақшасындағы "немесе банк операцияларын жүргізуге лицензиясының болуы" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4, 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлға Қазақстан Республикасының дербес деректер саласындағы заңнамасын сақтай отырып, бәс тігуге қатысушылардың жасы туралы мәліметтерді қоса алғанда, бәс тігуге қатысушылар туралы ақпаратты есепке алуды жүргізеді және букмекерлік кеңселер немесе тотализаторлар қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушыларға береді.

5. Бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлға бәс тігуге қатысушының нұсқауы бойынша мөлшерлемені төлеуге қабылдаған және (немесе) букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушыға берген электрондық ақша есепке жазылады және бірыңғай есепке алу жүйесінде букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор қызметін жүзеге асыратын тиісті ойын бизнесін ұйымдастырушының электрондық ақшасының электрондық әмиянында есепке алынады.

6. Бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлға жасалған бәс тігу туралы, оның ішінде бәс тігуге қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе), туған күні, бәс тігу сомасы, уақыты және оның жасалған күні, бәс тігу шарттары, ол бойынша есептелген сомалар, төленуге тиісті ұтыстар, қабылданған мөлшерлемелер, төленген ұтыстар, букмекерлік кеңсе және (немесе) тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардың кассалық операцияларды жүзеге асыруы, бәс тігуге қатысушылармен есеп айырысулар нысаны, бәс тігуге қатысушылардан букмекерлік кеңселер немесе тотализаторлар қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушыларға және букмекерлік кеңселер және тотализаторлар қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушылардан бәс тігуге қатысушыларға ақша қаражатын, оның ішінде электрондық ақшаны аудару туралы ақпаратты автоматты режимде қабылдауды, тіркеуді, өңдеуді, есепке алуды және сақтауды қамтамасыз етеді.

7. Бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлға Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялары жоқ интернет-казино, букмекерлік кеңселер және (немесе) тотализаторлар белгілерін қамтитын интернет-ресурстарды Қазақстан Республикасының аумағында анықтауды мониторингтеу нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасында ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялары жоқ интернет-казино, букмекерлік кеңселер және (немесе)

тотализаторлар белгілері бар ақпаратты қамтитын, Интернет желісіндегі домендік атауларды, сайттар беттерінің нұсқағыштарын және Интернет желісіндегі сайттарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін желілік мекенжайлардың анықталғаны туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында оларға қол жеткізуді шектеу үшін масс-медиа саласындағы уәкілетті органға жібереді.";

8) мынадай мазмұндағы 12-3-баппен толықтырылсын:

"12-3-бап. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы жүзеге асыратын мөлшерлемелерден аударымдар

1. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын мөлшерде әрбір қабылданған мөлшерлемеден дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бірыңғай операторға, Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиада комитетінің қорына олимпиадалық спорт түрлерін дамытуға және "Қазақстан халқына" қоғамдық қорына, сондай-ақ бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуіне және бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғаның қызметін қамтамасыз етуге жіберілетін аударымдарды (бұдан әрі – аударымдар) жүзеге асыруға міндетті.

2. Букмекерлік кеңсе немесе тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы букмекерлік кеңсенің немесе тотализатордың кассасында қабылданған әрбір мөлшерлемеден аударымдарды ұстап қалады және тоқсан аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғаға көрсетілген тоқсан ішінде қабылданған мөлшерлемелерден ұсталған аударымдарды жібереді.

3. Бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлға электрондық ақшаны пайдалана отырып, букмекерлік кеңсе немесе тотализатор қызметін жүзеге асыратын ойын бизнесін ұйымдастырушы букмекерлік кеңсенің немесе тотализатордың электрондық кассасында қабылдаған әрбір мөлшерлемеден аударымдарды ұстап қалады.

4. Бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлға тоқсан аяқталған күннен бастап жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған пропорцияларда тоқсан ішінде ұсталған жалпы аударымдар сомасын дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған бюджеттен тыс ақша қаражатын бөлу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын бірыңғай операторға, Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиада комитетінің қорына олимпиадалық спорт түрлерін дамытуға және "Қазақстан халқына" қоғамдық қорына, сондай-ақ бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуіне және бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғаның қызметін қамтамасыз етуге жібереді.";

9) 15-1-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган бірыңғай есепке алу жүйесіне, бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғаға, сондай-ақ ол төлем ұйымының қызметтерін көрсету үшін тартатын заңды тұлғаға құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуы шектелген тұлғалардың тізіміне үздіксіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді."

6-тармақтың екінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұтыс төлеуді қоса алғанда, бәс тігуге қатысушы мен букмекерлік кеңсе немесе тотализатор арасында төлемдер, оның ішінде электрондық ақша пайдаланылған төлемдер бірыңғай есепке алу жүйесінде есепке алынбай, оларды қабылдауға (жүзеге асыруға) тыйым салынады.

Бірыңғай есепке алу жүйесі осы Заңның 15-бабының 1-тармағына сәйкес құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуына тыйым салу белгіленген адамнан (оның пайдасына) электрондық ақша пайдаланылған төлемдерді қабылдаудан (жүзеге асырудан) бас тартуға міндетті."

7-тармақ "қатысуға" деген сөзден кейін ", сондай-ақ осындай адамдардан (олардың пайдасына) қолма-қол ақшалай және қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдауға (жүзеге асыруға)" деген сөздермен толықтырылсын.

12. "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

5-баптың 8-тармағының бірінші бөлігіндегі, екінші бөлігінің бірінші абзацындағы, төртінші және бесінші бөліктеріндегі "және 4)" деген сөздер ", 4) және 6)" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

"9-1-бап. Атқарушылық құжатты орындауға ұсыну

Өндіріп алушы мемлекеттік сот орындаушысы орындауға тиісті қағаз жеткізгіштегі атқарушылық құжатты осы Заңның талаптарына сәйкес аумағы бойынша тиісті әділет органына ұсынады.

Өндіріп алушы жеке сот орындаушысы орындауға тиісті қағаз жеткізгіштегі атқарушылық құжатты осы Заңның талаптарына сәйкес аумағы бойынша жеке сот орындаушыларының тиісті өңірлік палатасына ұсынады.

Өндіріп алушы немесе оның өкілі өтінішті қағаз жеткізгіште не атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы береді.

Электрондық атқарушылық құжатты шығарған орган оны атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы осы Заңның

талаптарына сәйкес аумағы бойынша тиісті әділет органына не жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына жібереді.";

2) 37-бапта:

1 және 2-тармақтар алып тасталсын;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке сот орындаушысы осы Заңның 162-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген тәртіппен атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы өзіне жіберілген атқарушылық құжаттың негізінде атқарушылық іс жүргізуді қозғайды.";

3) 152-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

14. "Жол жүрісі туралы" 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 10-бап мынадай мазмұндағы 24-4) тармақшамен толықтырылсын:

"24-4) электр самокаттарды жалға беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің электр самокатты есепке алуды жүргізу және оған тіркеу нөмірін беру тәртібін, сондай-ақ оның нысаны мен үлгісін әзірлейді және бекітеді;"

2) 28-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Электр самокаттарды жалға беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер:

1) ақауы бар электр самокаттарға техникалық қызмет көрсетуді және оларды пайдаланудан алып тастауды жүзеге асыруға;

2) уәкілетті органдардың цифрлық жүйелерімен интеграциялауды іске асыру арқылы пайдаланушыларды сәйкестендіруді, оларды кез келген санаттағы көлік құралын басқару құқығына жарамды жүргізуші куәлігінің болуы және көлік құралдарын басқару құқығынан айыру туралы мәліметтердің болмауы тұрғысынан тексеруді қамтамасыз етуге міндетті. Он сегіз жасқа толмаған және көлік құралдарын басқару құқығы жоқ немесе одан айырылған адамдардың электр самокаттарды жалға алуына және жолдың жүру бөлігінде басқаруына жол бермеуге;

3) пайдаланушыларды пайдалану қағидаларын бұзғаны үшін ықтимал айыппұлдар немесе салдары туралы ескертуге;

4) жол жүру кезінде пайдаланушылардың мінез-құлқын электр самокаттардың тұрған жері мен қозғалыс жылдамдығын қадағалауға арналған технологиялардың көмегімен бақылауға;

5) электр самокаттарға арналған әртүрлі жылдамдық режимдері бар аймақтарда электр самокаттар қозғалысының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең жоғары рұқсат етілген жылдамдығын автоматты түрде шектеуге;

6) электр самокаттарды жаяу жүргіншілер мен көлікке кедергі келтіруі мүмкін жерлерде қалдыруға жол бермеуге;

7) әрбір электр самокатқа көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасуға;

8) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен электр самокатқа тіркеу нөмірін беріп және орната отырып, оны есепке алуды жүргізуге;

9) қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті органға электр самокаттардың тұрған жері туралы деректерді беруге міндетті.";

3) 60-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Занды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер жалға беретін электр самокаттардың жол жүрісіне қатысуына рұқсат беру көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты және уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен электр самокатта орнатылатын тіркеу нөмірі болған кезде жүзеге асырылады."

4) 65-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Көлік құралы, егер оны Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұрғылықты жері бар Қазақстан Республикасының азаматы пайдаланса және:

1) оған тиесілі болса;

2) Қазақстан Республикасында тіркелмесе;

3) Қазақстан Республикасына уақытша әкелінсе, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы халықаралық жол жүрісіндегі көлік құралы деп есептеледі."

15. "Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

4-бапта:

1-тармақта:

"Төрағадан және басқа адамдардан" деген сөздер "Төрағаны және басқа да адамдарды қоса алғанда, он алты адамнан" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "Бас Прокурор," деген сөздер алып тасталсын;

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл ретте Кеңестің жаңа мүшесі осы бапта көзделген тәртіппен Кеңестің шығып қалған мүшесінің қалған өкілеттік мерзіміне тағайындалады."

16. "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 13-бап мынадай мазмұндағы 19-тармақпен толықтырылсын:

"19. Төлем ұйымы үшін осы баптың 15-тармағында белгіленген тыйым салу "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын бірыңғай есепке алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін заңды тұлғаның қызметіне, сондай-ақ ол төлем ұйымының қызметтерін көрсету үшін тартатын заңды тұлғаның қызметіне қолданылмайды."

2) 43-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыс істейтін бірыңғай есепке алу жүйесінің электрондық ақша жүйесінде электрондық ақшаны шығаруды электрондық ақша эмитенті мынадай жағдайларда:

растама беріле отырып, электрондық ақша шығарғаны үшін комиссиялық сыйақыны шегергенде өзіне қабылдайтын міндеттемелердің номиналды құнына тең сомада жеке тұлғалардан немесе агенттерден ақша алғаннан кейін;

операцияны табысты авторландыру және оны эмитент банктің және жеке тұлғаның төлем карточкасы пайдаланыла отырып жүзеге асырылған төлем жүйесінің электрондық ақша шығарғаны үшін комиссиялық сыйақыны шегергенде өзіне қабылданатын міндеттемелердің номиналды құнына тең сомада бәс тігуге қатысуға ақы төлеу бойынша растамасы негізінде жүзеге асырады."

17. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау органдары, прокуратура және сот арасында өкілеттіктердің және жауапкершілік аясының аражігін ажырата отырып, үш буынды модельді ендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

2-баптың 4) тармақшасының төртінші абзацындағы "2026" деген цифрлар "2027" деген цифрлармен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң:

1) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 11 және 12-тармақтарын, 14-тармақтың 4) тармақшасын және 16-тармағын;

2) 2025 жылғы 31 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 17-тармағын;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 8-тармағын;

4) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 10-тармағын және 14-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін "цифрлық жүйесіне", "цифрлық жүйе", "цифрлық жүйесі", "цифрлық жүйелерімен" деген сөздер тиісінше "ақпараттық жүйесіне", "ақпараттық жүйе", "ақпараттық жүйесі", "ақпараттық жүйелерімен" деген сөздер болып есептелсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ